

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И
КРИМИНАЛИСТИКИ

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ
ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
*атты Қазақстан Республикасының ғылымның қызметкері күніне арналған
жоғары оқу орындарының арасындағы жыл сайынғы магистранттар мен
студенттердің ғылыми конференциясының*
МАТЕРИАЛДАРЫ

12 сәуір 2013 жыл

VI Шығарылым

МАТЕРИАЛЫ

*Ежегодной Межвузовской научной конференции
магистрантов и студентов, посвященной Дню научного работника
Республики Казахстан*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

12 апреля 2013 года

VI Выпуск

Алматы қаласы

город Алматы

Проведение ежегодной межвузовской научной конференции и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»

Ответственный редактор

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

Члены редколлегии:

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

А__ Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики: материалы ежегодной межвуз. науч. конф. магистрантов и студ., посвященной Дню научного работника Республики Казахстан. 12 апреля 2013 г. – Алматы: Казак университеті, 2013. - 250 с.

ISBN

В сборнике представлены научные доклады участников ежегодной межвузовской научной конференции «Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, проблемы гуманизации уголовной политики и другие.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами научного решения актуальных проблем уголовно-правовых дисциплин.

**УДК
ББК**

*Асубаева А.С.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
заң факультетінің 3 курс студенті*

Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ
ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН АТТЕСТАЦИЯСЫН
ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ**

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде қабылдаған Конституциясында өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады [1]. Құқықтық мемлекетте заңның жоғарылығын сақтайтын және жеке тұлғаның шынайы бостандығы, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын бірден-бір орган ол құқық қорғау органдары.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациясын өткізу тәртібі «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңымен реттелген. Қызметкерлерді аттестаттау олардың кәсіптік даярлығының, құқықтық мәдениетінің деңгейін және азаматтармен жұмыс істеу қабілетін анықтау бойынша мезгіл-мезгіл жүзеге асырылатын рәсім болып табылады [2]. Аттестаттау кезінде негізгі бағалау өлшемі қызметкерлердің өздеріне жүктелген міндеттерді орындау қабілеті болып табылады. Өз кезегінде, аттестаттау құқық қорғау қызметкерлерінің сапасын арттырып, білімі мен кәсіби біліктілігін анықтайды.

Қызметкерлер құқық қорғау органдары жүйесінде үздіксіз қызметте болған әрбір үш жыл сайын аттестаттаудан өтуге міндетті. Қайткенмен, заңда кейбір ерекшеліктер аталып өткен. Егер аттестаттауға жатқызылған қызметкерлер жаңа лауазымдарға тағайындалса, олар тағайындалғаннан кейін бір жылдан соң аттестаттаудан өтеді, бірақ тең дәрежелі лауазымға тағайындалған кездегі мерзім есепке алынбайды.

Сондай-ақ құқық қорғау органының басшысы және оның орынбасарлары, сондай-ақ құқық қорғау органдарында кемінде жиырма жыл қызмет өтілі бар қызметкерлер аттестаттауға жатпайды.

Қызметкерлер арасындағы әйелдер жүктілігі және бала күтімі бойынша да демалыс кезеңінде аттестаттауға жатпайды. Олар қызметке шыққаннан кейін кемінде алты айдан соң және бір жылдан кешіктірілмей аттестатталуға тиіс.

Елбасы Қазақстан халқына «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты бағытын айқындап берді [3]. Жолдаудағы басым бағыттардың бірі – құқық қорғау органдарын жаңғырту болып табылады. Ал, 2012 жылдың 8 сәуірінде «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу туралы» Жарлыққа қол қойылды. Бұл аттестаттаудың мақсаты – құқық қорғау

жүйесі қызметкерлерінің кәсіби дайындық деңгейін, біліктігі мен білімділігін, құқықтық сауаттылығы, дене бітімі келістілігін, олардың қазіргі заманғы талаптарға сәйкестігін анықтау және моральдық-адамгершілік жағын тексеру болып табылады. Сонымен қатар, бизнес пен қоғамның қолдауына жауап беретін қазіргі заманғы құқық қорғау жүйесін құруға арналған кадрлық әлеуетті қалыптастыру.

Осыған байланысты жарлықпен Жоғары аттестаттау комиссиясы туралы ереже, оның құрамы, гезектен тыс аттестаттауды өткізу қағидасы және тиісті іс-шаралардың жоспары бекітілді [4].

Аттестаттаудың кезектен тыс өткізілу қажеттілігіне бірнеше себеп бар.

Біріншіден, аталған кешенді шараларды жүргізу арқылы қызметкерлердің өздеріне жүктелген міндеттерді атқару мүмкіндігін анықтауға және қызметтің нәтижесін білуге қол жетеді. Бұл арқылы құқық қорғау қызметкерлерінің мәртебесі артып, полиция мен құқық қорғау органдарында тек таңдаулылар ғана қалады.

Екіншіден, бұл шараның тағы бір маңыздылығы аттестаттау құқық қорғау органдарының барлық деңгейін қамтиды. Басшыдан бастап, қатардағы қызметкерге дейінгі бөліністердің бәрін аттестаттау жүйенің нақты деңгейін анықтап, шынайы жағдайдың қандай екенін көрсетеді. Барлығы 110 мыңнан астам адамды аттестаттаудан өткізуге тура келеді, оның ішінде 449-ы Жоғары аттестациялық комиссиядан өтеді. Бұл құқық қорғау органдары үшін де өздерінің қандай дәрежеде екендіктеріне көз жеткізіп, шетелдердің жоғары қалыптарына қатарласуларына жол ашады.

Үшіншіден, аталған шара халықаралық алдыңғы қатарлы тәжірибе болып табылады, мұндай саралау барысы шетелдерде кеңінен жүргізіледі. Мәселен, 2010 жылы Англияда құқық қорғау органдары қызметін оңтайландыруға бағытталған «Әлеуметтік жауапкершілік және полицияны реформалау туралы» Заң қабылданды. Нәтижесінде, 2011 жылы Ұлыбритания полициясы 3,2 пайызға қысқарды. Шотландияда 2012 жылы полиция мен өрт қызметін реформалау туралы билл қабылданып, соның шеңберінде аталған мемлекеттік құрылым қызметіне оны қайта құрылымдау және қызметтің тиімділігін арттыру бағытында оңтайландыру жүргізілді. Көршілес Ресейде құқық қорғау жүйесін реформалау жұмыстары 2010 жылдан бері жүргізіліп келеді. Жүргізіліп жатқан жұмыстардың стратегиялық бағыты «Полиция туралы» Федералдық заңда бекітілген. Аталған заңнамалық акт шеңберінде 2011 жылдың 1 наурызынан 1 тамызына дейінгі кезеңде Ресей ІІМ-нің барлық қызметкерлері кезектен тыс қайта аттестаттаудан өтті, соның нәтижесінде, ІІМ органдарынан 226900 адам жұмыстан шығарылды, ол жалпы санның 22 пайызын құрайды.

Төртіншіден, біздің құқық қорғау органдарының дайындығын қазіргі уақыттың шынайы көріністерімен нақты қалыптасқан жағдайларда тексеру деген сөз. Кешегі таяу шығыстағы қайғылы жағдайлар, жалпы әлемдегі, оның ішінде біздің еліміздегі де оқиғалар қазіргі таңдағы қатердің қаупін аңғартты. Демек, біз қашанда мұндай қатердің уақтылы алдын алу үшін мықты сынақтан өткен жүйеге ие болуымыз қажет [5].

Бұл сынақ құқық қорғау саласын тазартып қана қоймай, кәсіби шеберліктерін шындап, білімдерін көтеріп, жауапкершіліктерін арттырады сөзсіз. Қазақстан полициясына жиырма жыл қарсаңында аттестаттау біліктілігімізді бағалап қана қоймай, халықтың полиция қызметкерлеріне деген оң көзқарасын қалыптастырып, халықаралық талаптарға сай жаңа жүйеге көшетініне сенемін.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл Жарлығы ел тарихында алғаш рет құқық қорғау органдары жүйесінде жаңа кадрлық әлеуетті қалыптастыруға жасалған батыл қадам деп білемін. Менің ойымша, аттестаттау комиссиясының құрамына БАҚ өкілдерін, ғалым-заңгерлер, депутаттар, қоғамдық бірлестіктер өкілдерін, психолог-мамандар және сол саланың тәжірибелі мамандарын енгізу де тиімді сияқты.

Мемлекеттің мүддесін, қоғамда қалыптасқан тиімді де тұрақты жағдай мен адамгершілік құндылықтарды қорғау, ұлтаралық келісімді сақтау – міне, осылар құқық қорғау органдарының күнбе күнгі айналысатын басты және негізгі міндеттері болып табылады. Сондықтан да Елбасы айтып, елі қолдаған бұл аттестаттау ісіне мығым, мамандығын құрметтейтін, білікті де білімді қызметкерлерді іріктеу үшін аса қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- [1] Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы, 2007.-1 бап
- [2] Қазақстан Республикасының 6.01.2011 «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы, 27.04.2012 өзгертулер мне толықтырулармен.
- [3] «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Елбасының Жолдауы, 27.01.2012
- [4] «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу туралы» Президенттің Жарлығы, 8.04.2012
- [5] «Егемен Қазақстан» газеті, 27 сәуір 2012жыл

СОДЕРЖАНИЕ

Абен Т.А. Адвокаттың қылмыстық сот ісіне қатысуы.....	
Абузярова З. Софистика в современном мире.....	
Адамбеков А.А. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі бағыттары.....	
Айтжанов Ш.Қ. Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері және олардың атқаратын қызметтері.....	
Акимова Н.М. Анықтау мен алдын-ала тергеу органдары жөнінде.....	
Алшымбаев А.М. Қазақстан Республикасының Прокуратурасы қылмыстан сақтандырушы құрылым.....	
Алыбаева А.М. Проблемы права на жизнь в законодательстве Республики Казахстан.....	
Амир А. Сот медицина сараптамасы және оның қылмысты ашу мен тергеудегі рөлі.....	
Асмаг С. Адвокат-қорғаушының қылмыстық іс-жүргізудегі маңызы.....	
Асубаева А.С. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациясын өткізудің тәртібі.....	
Ауельбеков Д. Проблемы прокурорского надзора за соблюдением законодательства о правах потребителей.....	
Ахметова А. Вопросы совершенствования организационно-правовых форм участия адвоката-защитника в уголовном процессе.....	
Ашимова А. Развитие риторики казахского народа.....	
Аязбаев А.Н. Сот төрелігіне қарсы қылмыстар.....	
Әбдіқожаева А., Базарлинова А. Адвокатураның мәртебесі.....	
Байбосынова А. Казахские бии средних веков.....	
Байдалина М. Фальшивомонетничество.....	
Бурдина К. Допрос как разновидность общения.....	
Ганиев А.А. Құқықтық реттеудің қағидалары.....	
Дәуқараев Ұ.Ұ. Мал ұрлығы.....	
Дәулетқалиева Н.М. Бұзу құралдарының іздерін зерттеудің мәселелері.....	
Ділімбетова Ұ.Б. Независимость адвокатов в адвокатской деятельности.....	
Джаугаштина А.К. Қазақстан Республикасындағы мамандандырылған соттардың түсінігі және оны құру үрдісі.....	
Дүйсенқұл А.Ғ. Қазақстан Республикасының қылмыстан сақтандыру саясатының негізгі аспектілері.....	
Ем М. К вопросу о совершенствовании системы органов прокуратуры РК.....	
Жакипбекова М.О. Сот баллистикасы объектілерінің бірі – атыс қаруын зерттеудің ерекшеліктері.....	
Жаксыбеков Б.Б. Разграничение заведомо ложного сообщения об акте терроризма и хулиганства.....	
Жангабылова М.Г. Құқықтық тәрбие – қылмыстық саясаттағы рөлі.....	
Исаев К. Проблемы предупреждения насильственной преступности.....	

Исина М.Ж. Вымогательство среди несовершеннолетних, проблемы профилактики.....	
Канбатыров Е.С., Құсайын Ә.С. Проблемы предупреждения киберпреступности в Республике Казахстан.....	
Каримова М. Специфика судебной речи.....	
Карин А. Гуманизация в сфере уголовного законодательства.....	
Кемелхан Д. Беттестірудің құқықтық аспектілері және беттестіру әрекетін жүргізудің негізгі талаптары.....	
Қадырбаева Г., Нургазина Б. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің кейбір мәселелері.....	
Қапар Д. Кеңес дәуіріндегі адвокат-қорғаушының дәлелдемелер жинауға қатысу мәселелері.....	
Қуатбекқызы Г. Тергеу эксперименті дәлелдеу құралы ретінде.....	
Қырғызбаева А. Одорология: даму кезеңдері, әдістері, қылмысты ашудағы маңызы.....	
Мади Г. Криминалистическая теория планирования и организации расследования.....	
Макрушин А.О. Тактика обыска и личного обыска.....	
Макрушин А.О. Запрет на курение кальяна в общественных местах.....	
Малакшинов Э.В. Правовые, организационные и методические проблемы криминалистической техники.....	
Мухамедиев М.Н. Қылмыстық құқықтың қылмыстан сақтандыру рөлі.....	
Мырзакулова М.Б. Тергеу қарауын жүргізудің кейбір ерекшеліктері.....	
Нариманов Ә.М. Қазақстан Республикасында терроризммен күресудің шаралары.....	
Нургазина Б.Х. Криминалистикалық габитологияның қылмысты ашудағы рөлі.....	
Nurgaliyeva A. Memoir. Female crime and its prevention.....	
Нуржанова А.С. Протест прокурора как один из основных актов прокурорского реагирования.....	
Өрісбаева З.Т. Адвокаттың кәсіби әдебінің құқықтық негіздері.....	
Райымбергенова К.Т. Тергеу ситуацияларының құқықтық реттелуі.....	
Рахиева Ж.С. Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері.....	
Рысқұл Н. Криминалистикалық фотография.....	
Сағынбаева Ә.Е. Әйелдер қылмысының жағдайы.....	
Саламатов Ш. Криминологияның өзге ғылымдармен байланысы және қылмыстылықтың алдын алудағы рөлі.....	
Салимов А.Б. Куәландырудың тактикалық және процессуалдық аспектілері.....	
Серікбаев А.М. Қор қордың зияндылығы.....	
Сулейменова А.С. Некоторые проблемы проведения осмотра места происшествия.....	
Тасбаев Ш. Сот сараптамасына қажетті материалдарды дайындау.....	

Темиржанова Г. Криминологическая характеристика организованной преступности.....	
Тәлей М.С. Беттестірудің тактика-процессуалдық аспектілері.....	
Темирова А.Е. Этика адвоката.....	
Төлмұратова А.Т. Лауазымды тұлғалардың жасайтын қылмыстары.....	
Ужахов А.А. Допрос как средство доказывания.....	
Федоренко Я. Проблемы предупреждения преступности учащихся общеобразовательных школ в Республике Казахстан.....	
Халан С. Халықаралық терроризмді жасағаны үшін жауапқа тарту және алдын алу бойынша мемлекеттердің ынтымақтастығы.....	
Хильман А.И. Адвокаттар алқасы және олардың құрылу тәртібі.....	
Шамбулов А. Жедел-ізвестіру қызметін прокурорлық қадағалаудың кейбір мәселелері.....	